

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 1999 жылғы 15 қарашадағы № 396 қаулысы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 29 желтоқсанда тіркелді. Тіркеу № 1015.

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 21) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Банктерді қадағалау департаменті (Жұмағұлов Б.Қ.):

1) Заң департаментімен (Шәріпов С.Б.) бірлесіп осы қаулыны және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесін Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қабылдасын;

2) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап он күндік мерзімде осы қаулыны және Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің филиалдарына жіберсін.

3. Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің вексельдер есебін жүргізу ережесі Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі

Басқармасының 1995 жылғы 18 мамырдағы N 17 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы вексельдік есеп айырысу жүйесі туралы уақытша ереженің күші жойылды деп танылсын.

4. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары М.Т.Құдышевке жүктелсін.

Ұлттық Банкі Төрағасы

Қазақстан Республикасы
Ұлттық Банкі Басқармасының
1999 жылғы 15 қарашадағы
N 396 қаулысымен бекітілген

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидалары

Ескерту. Қағидалардың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 22.11.2021 № 99 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Осы Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің, Қазақстан Республикасы бейрезидент банктері филиалдарының вексельдерді есепке алуы қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ережесін және құрылымын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 31 желтоқсандағы № 1271 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы ереженің 19-тармағының екінші бөлігі екінші абзацының 21) тармақшасына сәйкес әзірленді және онда Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің және Қазақстан Республикасының бейрезидент банктері филиалдарының (бұдан әрі – банктер) вексельдерді есепке алу тәртібі айқындалады.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 17.12.2025 № 94 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидаларда пайдаланылатын ұғымдар:

1) вексельдер есебін жүргізу - бұл индоссамент бойынша төлем мерзімі басталғанға дейін банктердің (есеп жүргізу кеңселерінің) вексель ұсынушыға дисконтты есептен шығарып немесе онысыз вексельдік соманы төлеумен вексельдерді қабылдауы;

2) клиент - вексельді есеп жүргізуге ұсынатын адам;

3) қайта тапсырылатын индоссамент - вексель ұстаушы жазған және вексель бойынша кейбір құқықтарды индоссант белгілеген шектерде қайта ауыстыру мақсатын көздейтін вексельдегі жазу;

4) вексельді өтеу - вексель ұстаушы қандай болсын міндеттемелерді төлеушінің орындауын талап ету құқығына ие болатын вексель ұстаушының вексельде төлеуші

ретінде көрсетілген адаммен қарым-қатынас қалыптастыруы. Мұндайда, міндеттеменің сомасы вексель бойынша төлем сомасынан төмен болмауы тиіс;

5) вексельдің көшірмесі - бұл вексельдің түпнұсқасын индоссаменттермен және ондағы барлық басқа белгілермен дәл көрсететін көшірме. Мұндайда, вексельдің түпнұсқасы қолында бар адам көрсетіледі.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2. Банк вексельдік сома мөлшерін банк белгілейтін дисконт ұстап қалуға құқылы.

3. Егер вексель бойынша төлем жасайтын орын банк тұрған орыннан өзге елді мекенде көрсетілсе, банк дисконт сомасына, сондай-ақ почта шығыстарын және басқа қаланың банктеріне вексельдерді инкассациялауға комиссиялық сыйақы қосуға құқылы. Почта шығыстарын алудың тәртібі мен шарттарын банк пен почта байланысы ұйымының арасындағы шарт арқылы банк белгілейді.

4. Егер вексельде "есеп жүргізуге ұсынуды және ақша алуды сенемін" немесе вексель бойынша құқықтарды жүзеге асырумен байланысты қандай болсын іс-әрекетті орындау тапсырмасын көздейтін кез келген басқа жазу жазылса, онда мұндай сенімдегі адам (клиент) вексельді есеп жүргізуге берумен байланысты барлық ресімдеуді жасауға құқылы.

Вексельді есеп жүргізуге қабылдау туралы банк шешім қабылдағаннан кейін вексельді банктің пайдасына тек қана қайта тапсырым индоссаментіне қол қойған адам (заңды вексель ұстаушы) индоссирлей алады.

5. Банктер есеп жүргізуге сомасы теңгемен көрсетілген вексельдерді, ал шетел валютасымен операциялар жүргізуге лицензия болса - сомасы шетел валютасымен көрсетілген вексельдерді қабылдауға құқылы.

6. Форфейтинг - банктің вексельді индоссамент бойынша клиентке (өзінің индоссантына) регресс құқығынсыз вексель сомасын төлеп қабылдауы (сатып алуы). Банк форфейтинг операцияларын жүргізуге тек қаржы нарығы мен қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның (бұдан әрі - уәкілетті орган) форфейтинг операцияларын жүргізуге лицензиясы болса ғана құқылы. Форфейтинг операциясын жүргізген кезде банк сондай-ақ вексель сомасынан дисконт ұстап қалуға құқылы.

Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

2-тарау. Вексельдерді есеп жүргізуге қабылдау талаптары

7. Банк есеп жүргізуге тек қана жарамды вексельдерді қабылдайды.

8. Вексель егер оның деректемелері "Қазақстан Республикасындағы вексель айналысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 1-9, 32, 74, 75-

баптарына сай болса жарамды болып саналады. Вексель мәтінін тексеру тәртібі осы Қағидалардың 4-тарауында белгіленген.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. Банк қола, достық (қарама-қарсы) және қаржылық вексельдерге, сондай-ақ төлеуші немесе вексель беруші векселдер бойынша қабілеті жоқ адамды көрсеткен вексельдерге есеп жүргізуден бас тартуға міндетті.

10. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

11. Операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеге банк вексельдерді есепке алуға қабылдаудың мынадай талаптарын кіргізуге құқылы:

1) вексель бойынша міндетті адамдардың санына талаптар, яғни вексельде өткізіп беру жазуларының (индоссаменттердің) белгіленген ең жоғары мөлшерінің болуы;

2) төлеушіге немесе вексель бойынша міндетті басқа адамға авальдің болуы (авалистің төлем қабілеті);

3) аударма вексельдері үшін өтеудің болуы;

4) осы Қағидаларға және Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа талаптар.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Егер банк вексельдің мазмұнынан төлем орны, вексель бойынша міндетті адамдар туралы бірыңғай қорытынды жасай алмаса немесе вексельдің мәтінінде вексель бойынша құқықтарды жүзеге асыруға мүмкіндік бермейтін басқа ақаулар болса, банк вексельді есеп жүргізуге қабылдаудан бас тартуға құқылы.

13. Егер вексель бойынша төлем күніне дейін қалған мерзім вексельді төлем орнына жіберу (инкассация) үшін қажетті қолайлы мерзімнен кем болса, банк вексельді есеп жүргізуге клиенттен қабылдаудан бас тартуға құқылы.

14. Сондай-ақ векселдегі индоссаменттер қатарының үздіксіздігі банктің вексельді есеп жүргізуге қабылдауының шарты болып табылады.

15. Банктің форфейтинг операцияларын жүргізуінің міндетті талаптары:

1) төлеушінің және вексель бойынша міндетті басқа адамдардың төлем қабілетін тексеру;

2) осындай тәсілмен есепке алынған барлық вексельдерді осы Қағидалардың нормаларына сәйкес қатаң жіктеу болып табылады.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3-тарау. Вексельдерді есеп жүргізуге қабылдау тәртібі

16. Вексельді есеп жүргізуге қабылдау туралы Банктің шешім қабылдауы үшін клиент банкке мына құжаттарды:

- 1) вексельдерге есеп жүргізуге тапсырысты;
- 2) вексельдің түпнұсқасын (егер болса аллонжбен бірге);
- 3) вексельдің нотариалды көшірмесін;
- 4) егер вексель ұстаушы заңды тұлға болса, заңды тұлғаның лауазымды адамына сенімхатты;
- 5) авальді, егер ол жеке актімен берілсе;
- 6) алынып тасталды;
- 7) банк белгілеген басқа құжаттарды береді.

Егер есеп жүргізу үшін банкке вексельдің көшірмесі берілсе, онда банк клиенттен немесе вексель бар адамнан құжаттың түпнұсқасын беруді талап етуге құқылы. Вексельдің түпнұсқасы банкке берілмеген жағдайда, банк вексельдің көшірмесін есеп жүргізуге қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Егер есеп жүргізу үшін банкке аударма вексельдің акцептелмеген данасы берілсе, онда банк клиенттен немесе аударма вексельдің акцептелген данасы бар адамнан аударма вексельдің акцептелген данасын беруді талап етуге құқылы. Аударма вексельдің акцептелген данасы банкке берілмеген жағдайда, банк аударма вексельдің акцептелмеген данасын қабылдаудан бас тартуға құқылы.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

17. Банк құжаттарды қабылдағанға дейін өзіне берілетін әр вексельдің құралуының дұрыстығын, сондай-ақ вексельдегі индоссаменттердің жүйелі қатарының үздіксіздігін тексеруге міндетті.

18. Құжаттарды қабылдағанда вексельдерді есеп жүргізуге қабылдау туралы банк шешім қабылдауы үшін банктің жауапты қызметкері вексель түпнұсқасының, аллонждың (егер болса) және вексельдің берілген ксерокөшірмесінің бірдейлігін салыстырады, содан соң вексельдің түпнұсқасын вексельді есеп жүргізуге ұсынған адамға қайтарады.

19. Банкте есеп жүргізу туралы мәселесі шешіліп жатқан вексель осы банкке сақтауға өткізілуі мүмкін.

20. Банк вексель ұстаушыдан вексельдің тауарлар сатып алу-сату, жұмысты орындау, қызмет көрсету (қаржылық қызмет көрсетуді қоспағанда) шарттары негізінде берілгенін растайтын кез келген ақпаратты сұрауға құқылы.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

21. Вексель мәтінін және осы Қағидаларда көзделген басқа іс-жосықтың сақталуын тексергеннен кейін банк вексельдерді есепке алуға қабылдау туралы шешім

қабылдайды. Аталған шешімді вексельде көрсетілген сомаға банктің кредит беруге өкілетті тиісті органы қабылдайды.

Ескерту. 21-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

22. Вексельді есепке алуға қабылдау немесе одан бас тарту туралы банк шешім қабылдауға міндетті мерзімді банк операциялар жүргізудің жалпы талаптары туралы ережеде белгілейді. Аталған мерзім осы Қағидалардың 16-тармағында көрсетілген құжаттардың толық пакетін берген күннен бастап он банктік күннен аспауы керек.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

23. Вексельді есеп жүргізуге қабылдау немесе қабылдаудан бас тарту туралы банктің уәкілетті органы шешім қабылдағаннан кейін банк қабылданған шешім туралы жазбаша хабарламаны клиентке банк аталған шешімді қабылдағаннан кейін келесі күннен кешіктірмей беруге (жіберуге) міндетті.

24. Вексельді банктің меншігіне беруді индоссамент оның пайдасына ресімдейді.

25. Форфейтингті банкке индоссамент клиенттің қосатын "маған айналымсыз" деген ескертуімен ресімдейді.

4-тарау. Вексель мәтінін және вексель бойынша міндетті адамдардың төлем қабілетін тексеру

26. Банк деректемелері заң талабына сай вексельдерді есепке алуға қабылдайды. Егер вексельде осы Қағидалардың 27, 31-тармақтарында көрсетілген деректемелер болмаса, банк оны есепке алуға қабылдаудан бас тартуға міндетті.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

27. Есепке алуға ұсынылған аударма вексельдің мәтінінде осы Қағидалардың 28-30-тармақтарында көзделгеннен басқа жағдайларда мына деректемелер:

1) құжаттың тура сол мәтініне кіргізілген және осы құжат құралған тілде жазылған " вексель" деген атау;

2) белгіленген ақша сомасын төлеуге ештеңемен шартталмаған бұйрық;

3) төлем жасалуы тиіс орынды көрсету;

4) төлем мерзімін көрсету;

5) төлем жасалуы тиіс орынды көрсету;

6) кімге немесе кімнің бұйрығымен төлем жасалуы тиіс адамның аталуы;

7) вексельдің құралу күнін немесе орнын көрсету;

8) вексель беретін адамның (вексель берушінің) қолы болуы тиіс.

Ескерту. 27-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

28. Егер аударма вексельде төлем мерзімі көрсетілмесе, онда төлем мерзімі талап ету бойынша көрсетілген болып саналады.

29. Ерекше нұсқау болмаса, төлеушінің атауымен қатар жазылған орын төлем орны және сонымен бірге төлеушінің тұрағы немесе мекен-жайы болып саналады.

30. Егер аударма вексельде оны құрау орны көрсетілмесе, онда ол вексель берушінің атауымен қатар көрсетілген орында қол қойылған болып мойындалады.

31. Есепке алуға ұсынылатын жай вексельдің мәтінінде осы Қағидалардың 32-34-тармақтарында көрсетілгеннен басқа жағдайларда мына деректемелер:

1) құжаттың тура сол мәтініне кіргізілген және осы құжат құралған тілде жазылған " вексель" деген атау;

2) белгіленген ақша сомасын төлеуге ештеңемен шартталмаған уәде;

3) төлем мерзімін көрсету;

4) төлем жасалуы тиіс орынды көрсету;

5) кімге немесе кімнің бұйрығымен төлем жасалуы тиіс адамның аталуы;

6) вексельдің құралу күнін немесе орнын көрсету;

7) вексель беретін адамның (вексель берушінің) қолы болуы тиіс.

Ескерту. 31-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

32. Егер жай вексельде төлем мерзімі көрсетілмесе, онда вексель ұсыну бойынша мерзіммен берілген болып саналады.

33. Ерекше нұсқау болмаса, төлеушінің атауымен қатар жазылған орын төлем және сонымен бірге төлеушінің тұрағы немесе мекен-жайы болып саналады.

34. Егер жай вексельде оны құрау орны көрсетілмесе, онда ол вексель берушінің атауымен қатар көрсетілген орында қол қойылған болып қаралады.

35. Банк вексель берушінің, төлеушінің және вексель бойынша міндетті басқа адамдардың бар екенін тексеруге міндетті, бірақ индоссанттар қолдарының растығын тексеруге міндетті емес.

36. Егер аударма вексель бойынша төлеуші немесе жай вексель бойынша вексель беруші ойдан шығарылған адамдар болса, онда банк мұндай вексельдің ұсынылуы туралы құқық қорғау органдарына дереу хабарлауға міндетті. Мұндай вексельді біле тұра есеп жүргізуге қабылдаған банк Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген бойынша жауап береді.

37. Вексель бойынша міндетті басқа адамдардың вексельдегі қолдары жалған қойылуы құжатты вексельдік күшінен айырмайды.

38. Егер вексель бойынша төлем мерзімі өтіп кетсе, банк вексельдерге есеп жүргізуден бас тартуға міндетті.

Егер төлем мерзімі ұсыну бойынша көрсетілген вексельдің құралу сәтінен бір жыл өтсе, сондай-ақ егер вексельдің өзінде оны төлемге ұсыну үшін одан ұзақ мерзім

көрсетілгеннен басқа жағдайда, банк вексельді есеп жүргізуге қабылдаудан бас тартуы тиіс. Бұл жағдайда банк өзінің бас тартуын төлем мерзімінің өтіп кетуімен дәлелдеуі тиіс.

39. Клиенттен құжаттарды алғаннан кейін және вексельді есеп жүргізуге қабылдау туралы шешім қабылдағанға дейін банк клиенттің және төлеушінің төлеу қабілетін талдауға, сондай-ақ банк көрсетілген адамдардың вексель бойынша өз міндеттемелерін өтеуге қабілетсіздігіне әкелуі мүмкін факторларды зерттеуге құқылы.

40. Банк вексель бойынша міндетті басқа адамдардың төлеу қабілеттілігін тексеруге құқылы.

5-тарау. Есеп жүргізуге қабылданған вексельдерді тіркеу және сақтау тәртібі

41. Есеп жүргізуге қабылданған әрбір вексель бойынша банк есеп жүргізуге қабылданған вексельдерге қатысты барлық құжаттар тігілетін жеке "вексельдік жеке іс қағаз" ашады.

42. Есеп жүргізуге қабылданған вексельдер банкте қатаң есеп құжаттары ретінде сақталуы тиіс.

43. Вексельдерді төлемге немесе вексель бойынша төлем алуға уақтылы ұсыну үшін банк мына белгілер бойынша:

- 1) клиент (атауы және қажетті деректемелері);
- 2) вексель бойынша төлем мерзімдері;
- 3) вексель бойынша төлем орны;
- 4) төлеуші (атауы және қажетті деректемелері);
- 5) басқа белгілері бойынша вексельдерге қосымша тіркеу жүргізе алады.

44. Банк активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және оларға қарсы провизиялар (резервтер) құру тәртібі мен талаптарын реттейтін уәкілетті органның нормативтік құқықтық актісіне сәйкес эмитенттердің кластық деңгейі бойынша есепке алынатын барлық вексельдерді жіктейді, сондай-ақ есепке алынатын вексельдер бойынша провизиялар қалыптастырады.

Ескерту: 44-тармақ жаңа редакцияда жазылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

45. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 13.05.2005 N 61 қаулысымен.

46. Алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 13.05.2005 N 61 қаулысымен.

6-тарау. Өзінің портфеліндегі вексельдермен банк жүргізетін операциялар

47. Банк есепке алған және өзінің портфеліндегі вексельдермен мынадай операцияларды:

- 1) төлем мерзімі басталғанда вексель бойынша төлем алуды;
- 2) вексельді индоссамент жасауды жүзеге асыруға құқылы.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

48. Банк алынған вексельді банктің жасауы үшін рұқсат етілген ғана мәмілелер бойынша банк заңдарына сәйкес әрі қарай индоссамент жасай алады.

49. Төлемді уақытылы алу жөніндегі шараларды банк Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген талаптарды ескеріп дербес жүзеге асырылады.

Ескерту: 49-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

50. Алып тасталды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

51. Валюталық операциялар жүргізуге Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бар есеп жүргізу кеңселері (банктер) римессаны тек қана одан әрі шетел кредиторына олардың алдындағы берешекті өтеуге беру үшін пайдалана алады.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

52. Банк есеп жүргізуге қабылданған векселдерден заңмен белгіленген талаптарға сәйкес көшірмелер алуға құқылы.

7-тарау. Қорытынды ережелер

53. Банк осы Қағидалардың талаптарын орындамағаны немесе тиісті түрде орындамағаны үшін Қазақстан Республикасының заң актілерінде белгіленген тәртіппен жауапкершілік атқарады.

Осы Қағидалармен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шешіледі.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.10.2018 № 246 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

54-55. Алынып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2005 жылғы 13 мамырдағы N 61 қаулысымен.

Төраға